View the original article

ЖАЛПЫ АРХИВ

Атырау – Самара құбыры бір күндік үзілістен соң қайта жұмыс істей бастады

3 қараша 2026 жыл, 12:33



"Самара" өндірістік-диспетчерлік станциясының үстіндегі түтін. 2 қазан 2026 жыл.

Сейсенбі, 3 қараша күні Қазақстан энергетика министрлігі Атырау – Самара құбыры арқылы мұнай тасымалын қайта іске қосқанын мәлімдеді. Бұл туралы Reuters агенттігі хабарлады. Содан бір күн бұрын Украинаның Ресей аумағындағы дрон шабуылынан соң құбыр жұмысы тоқтап қалған.

Қазақстан мұнайын Ресей арқылы халықаралық нарыққа шығаратын бұл құбыр 2 қарашаға қараған түні "Самара" өндірістік-диспетчерлік станциясына жасалған дрон шабуылынан соң өз жұмысын тоқтатқан.

Қазақстан энергетика министрлігінің мәлімдеуінше, техникалық тексерістен соң құбыр жұмысы қалыпты режимде қайта іске қосылған.

Кейінгі жылы Украина Ресейдегі энергетика инфрақұрылымына тұрақты түрде шабуылдап келеді. Оның ішінде Қазақстан мұнайын Еуропа нарығына жеткізетін Каспий құбыр консорциумының нысандары да бар. ККК инфрақұрылымына шабуыл Қазақстан билігінің наразылығын тудырған. Құбыр арқылы АҚШ мұнай компаниялары өндірген шикізат та тасымалданатындықтан, Вашингтон Киевке ККК-ға соққы жасамауды сұраған.

Ресей де Украина энергетика нысандарына шабуыл жасап келеді.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған